

Тексерілді: Ж.Аяшова

Білім саласы: «Таным»

ҰОҚ: Жаратылыстану

Тақырыбы: «Төлін тауып орналастыр» Дидактикалық ойын.

Мақсаты:

Білімділігі: Үй жануарлары және олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.

Дамытушылығы: Жануарларды танып атауға, тапсырманы орындауға, жануарларға қамқор болуға қажет екені туралы түсінік беру. Балаларға сұраққа жауап беруге, дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.

Тәрбиелігі: Балаларды жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.

Әдіс тәсіл: Көрсету, түсіндіру, сұрақ жауап, ойын ойнату, ғажайып сәт т.б

Көрнекілігі: Үй жануарларының суреттері

Жүру барысы: Шаттық шеңбері

Кел балалар күлейік,
Күлкіменен түлейік
Қабак түйіп не керек,
Күліп мәңгі жүрейік.

Жаңа тақырып: Үй жануарларын және төлдерін жеке жеке түсіндіру. (суреттер бойынша)

- Балалар біз бүгін үй жануарлары және олардың төлдері жайлы әңгімелейміз.
- Балалар мынау үй жануарлары.



Бұл - Түйе. Түйе балалар төрт түліктің төресі. Түйенің төлін балалар бота деп айтамыз. Қане бота деп қайталайықшы. Түйе мен бота « бө - бө» - деп дыбыс шығарады.

Қане қайталайықшы.

- Ал мынау - Жылқы.

- Балалар жылқыны мінсек көлік, алыс жерді жақындатады. Жылқының төлін құлын деп атаймыз. Қайталап айтып көрейік. Құлын. Жарайсындар. Жылқымен құлын ио - ио - ио еп кісінейді.

- Бұл жануар Сиыр. Сиырдың төлін бұзау деп атаймыз. Сиыр мен оның төлі бұзау мө - мө - мө деп мәңіреді. Сиырдың сүгін ішеміз, етін жейміз.

- Ал бұл – Қой. Қойдың төлін қозы деп атаймыз. Қой мен қозы бә - бә деп маңырайды.

- Ал мынау – Ешкі. Ешкінің төлін лақ дейміз. Ешкі мен лақ мә - мә деп маңырайды.

Қой мен ешкі өрісте бірге жайылады. Үйде бағылып еті, сүті, жүні, терісі, күші арқылы адамдарға пайда келтіретін жануарларды төрт түлік мал деп атаймыз. Мұндай жануарларды бағып, оларға жағдай жасаймыз.

Тәрбиеші: Қане балалар бойымызды бір серігіп алайықшы.

Сергіту сәті: «Сұр Қоян» әнімен қимылдар жасау.

Ғажайып сәт: Осы сәтте есік қағылып, ішке бақташы атай кіреді.

Бақташы атай: Амансыңдарма балалар. Мен жануарларымды бағып жүріп, олардың төлдерін таба алмай қалдым. Менің төлдерімді тауып беруге көмектесесіңдерме?

Тәрбиеші: Жақсы келдіңіз бүгін ұйымдастырылған оқу қызметінде үй жануарлары туралы айтып жатыр едік. Ой балалар атайға жануарларының төлдерін тауып беремізбе?

Бақташы атай: Балалар мен төлдерімнің даусында танимын.

Тәрбиеші: Олай болса қане балалар жануарлардың даусын дыбыстайықшы.

Бақташы атай: Менің төлдерімнің дауыстары ғой. Енді төлдерімді тауып берсеңдер жақсы болар еді.

Дидактикалық ойын: «Төлдерін тап»

Ойын шарты: Ілулі тұрған үй жануарларының төлдерін тауып, қастарына орналастыруы керек.



Бақташы атай: Жарайсыңдар балалар мен өзімнің төлдерімді таптым, сендерге рахмет.

Бақташы атай балаларға рахметін айтып балалармен қоштасып кетеді.

Оқу қызметті қортындылау:

Балалар біз нелермен таныстық?

Тәрбиеші: балалар қой қалай дыбыстайды?

- Түйе қалай дыбыстайды?

- Жылқы қалай дыбыстайды?

- Сиыр қалай дыбыстайды?

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар.

- Жарайсыңдар балалар. Енді осы үй жануарларына арналаған тыйым сөздер бар, тыңдап ойларыңа сақтап жүріңдер, жарай ма?


Тыйым сөздер:

«Ақты төкпе» яғни сүтті, айранды төгуге болмайды.

«Малды теппе» балалар малды тебуге болмайды.

Балаларды мадақтау.

Білім саласы: «Таным»
Ұйымдастырылған оқу қызмет: Жаратылыстану
Тақырыбы: «Төлдерін тап»



Кіші «Балапан»тобы
Тәрбиеші: Акімова.Ж.Ш

2021-2022оқу жылы

